# САБАҚ ЖОСПАРЫ

| | |
|---|---|
| **Пән** | Қазақ әдебиеті |
| **Мұғалім** | Шотпаева Алтынгуль Бахреденовна |
| **Мектеп, сынып** | Астана қаласы, «№64 мектеп-лицей» КММ |
| **Сабақ тақырыбы** | «Керқұла атты Кендебай» ертегісі |

www.bilimland.kz

| | |
|---|---|
| **Оқу мақсаттары** | **Б/С2. Заманауилығы мен жаңашылдығы**<br>**Т/Ж4.Шығарма үзінділерімен жұмыс**<br>**А/И4. Шығармашылық жұмыс** |
| **Сабақ мақсаттары** | **Барлық оқушылар орындай алады:**<br>– Кейіпкерлерді шынайы өмірмен салыстырып бағалау<br>**Оқушылардың көпшілігі орындай алады:**<br>– Көркем шығармалардан шағын көлемді үзінділерді мәнерлеп оқу, жатқа айту.<br>**Кейбір оқушылар орындай алады:**<br>– Шығармадан алған әсерін талдайды;<br>– Авторға хат жаза алады. |
| **Бағалау критерийлері** | Кейіпкерлерді шынайы өмірмен салыстыра алады;<br>Шығармадан алған әсерін талдайды;<br>Авторға хат жаза алады. |
| **Тілдік мақсат** | **Пәнге қатысты сөздік қор мен терминдер:**<br>Әдеби тіл нормалары<br>**Диалог құруға/хат жазуға арналған пайдалы тіркестер:** таңдау, іріктеу, салыстыру, анықтау, баяндау<br>**Талқылауға арналған сұрақтар:** |
| **Құндылықтармен байланыс** | Ашықтық .Құрмет. Академиялық шындық. |
| **Осыған дейін меңгерілген білім** | Ертегі мазмұны мен әдеби теориялық ұғымдар |

**Сабақтың жоспары:**

| Жоспарланған уақыт | Жоспарланған жаттығу түрлері | Ресурстар |
|---|---|---|
| **Сабақтың басы**<br><br>2 минут | **Психологиялық ахуал**<br>Оқушылар топқа бөлінеді<br>**1-топ:** «Ерлік».<br>**2-топ:** «Ынтымақ».<br>**3-топ:** «Ізгілік».<br>4-топ. «Адамгершілік»<br>Мұғалім «Пазл» құрау негізінде сабақ басында оқушыларға А3 парағымен маркерлер таратады.<br>ПАЗЛ жинайды.<br>Оқушылар теңеу, эпитет, метафора, портретке арналған мысалдар бойынша 4 топқа отырады<br>**Оқушылар сабақтың тақырыбын анықтайды.**<br>**Ой шақыру.** Алдыңғы білімді еске түсіру (тест сұрақтарына жауап беру) | Слайдтарды көреді, сұрақтарға жауап береді, сипаттайды<br><br><br><br><br><br><br><br><br>Интербелсенді тақта |

| | | |
|---|---|---|
| 3 минут |  | https://bilimland.kz/kk/courses/qazaq-adebieti/5-synyp/lesson/kerqula-atty-kendebaj-ertegisi<br><br>Сұрақтарға жауап береді<br>Оқулық |
| **Сабақтың ортасы**<br><br>**25 минут** | <br><br>**Сөздікпен жұмыс.**<br>**Сараланған тапсырмалар**<br>**Жазылым.**<br>4-тапсырма<br><u>Ертегінің қызық үзінділерін еске түсіру.</u><br>**Тапсырма:**<br>**<u>Ертегіден</u> алған әсерін сипаттап авторға хат жазады.**<br>Хаттың жазылу үлгісі түсіндіріледі.<br>✓ Хат белгілі бір адамға жазылады(адресаты болады)<br>✓ Хаттың жазылу мақсаты жазылады<br>✓ Соңында хат жазған адамның аты-жөні , күні көрсетіледі<br><br>Шығармашылық жұмыс<br>**Дискриптор**<br>Авторға хат жаза алады.<br>Бағалау критерийлері бойынша бағалайды | https://bilimland.kz/kk/courses/qazaq-adebieti/5-synyp/lesson/kerqula-atty-kendebaj-ertegisi<br><br>https://bilimland.kz/kk/courses/audiochrestomathy/5-synyp/ertegiler/lesson/3-kerqula-atty-kendebai-ertegisi<br><br>Интербелсенді тақта |

**Үйге тапсырма:** Аудиохрестоматияны тыңдай отырып, өздеріне ұнаған эпизодқа сурет салу.

**Глоссарий**

**Құлан**
Жылқы тұқымдасына жататын түсі сарғыштау, жотасында қара қошқыл жолағы бар, құйрығының ұшы қара жабайы жылқы.

**Арғымақ**
Сымбатты да жүрдек, асыл тұқымды жылқы.

**Дат**
Сөйлеуге рұқсат сұрау.

**Шоқпар**
Ырғай, тобылғы, қайың сияқты қатты ағаштардан жасалатын бір басы доңкиіп жұмыр келген, кейде басына темір немесе қорғасын құйылатын сойылдан қысқа қол қаруы.

**Айтылым:**
Берілетін тапсырмалар:
**1-тапсырма.**
Кейіпкерлерге мінездеме беріңіз.
Қай кейіпкер, қандай қылығымен ұнады?
Ұнамаған кейіпкердің себебін түсіндіріңіз?
Екі кейіпкерді салыстырыңыз.

**«Керемет пікірталас»**
Барлық оқушылар бірнеше шағын топтарға бірігеді. Әр топтан бір өкіл шығады. Әрқайсысы бір кейіпкерді таңдап алады. Сол кейіпкерді шынайы өмірдегі бір тұлғамен салыстыра отырып баға береді.

**Дескриптор**
Кейіпкерлерді шынайы өмірмен салыстыра алады.

**2-тапсырма.**
**Ертегі үзіндісін ойнап көрсету**
Мұғалім ертегі мәтінінен сценарийге лайықты эпизодтарды іріктеп, сыныпты екі топқа бөледі. Әр топ ерекше сценарийдің үлгісін жасайды.
Оқушылар көрініске дайындық барысында мыналарға назар аударуы керек:

- қозғалыс пен іс-әрекет, актерлердің ойыны;
- диалогтың айтылуы, түпнұсқадан алшақтамау.

**Дескриптор**
Көркем шығармалардан шағын үзінділерді мәнерлеп оқи алады.
**3-тапсырма:**
**Тыңдалым:**
Тыңдай отырып кесте толтырады.

| Кейіпкер | Ертегідегі әрекет | Образы | Оқушының өз ойы |
|---|---|---|---|
| Кендебай | | | |

Аудиохрестоматия
https://bilimland.kz/kk/courses/audiochrestomathy/5-synyp/ertegiler/lesson/3-kerqula-atty-kendebai-ertegisi

<table>
<tr><td></td><td>Дескриптор<br>Шығармадан алған әсерін талдайды;<br>Бағалау критерийлері бойынша бағалайды</td><td></td></tr>
<tr><td>Сабақтың соңы<br><br>3-минут<br><br><br><br><br>2 минут</td><td>Жаңа сабақты бекіту бойынша (тест тапсырмалары) сұрақ-жауап.<br>
<br>Кері байланыс алу<br>Бағалау.<br>Рефлексия:<br>1. Сабақта сізге не маңызды болды?<br>2. Қандай тапсырма қиындық келтірді?</td><td></td></tr>
</table>

<table>
<tr><td colspan="3">Қосымша ақпарат</td></tr>
<tr><td>Саралау – оқушыға мейлінше қолдау көрсетуді қалай жоспарлайсыз? Қабілетті оқушыға тапсырманы қалай түрлендіресіз?</td><td>Бағалау – оқушы білімін тексеруді қалай жоспарлайсыз?</td><td>Пәнаралық байланыс –Денсаулық және қауіпсіздік, АКТ-мен байланыс. Құндылықтармен байланыс (тәрбие элементі).</td></tr>
<tr><td>Сараланған тапсырмаларды оқушылардың қабілетіне орай жасалды</td><td>Оқушылар өзін-өзі бағалайды</td><td>Биология, қазақ әдебиеті</td></tr>
<tr><td rowspan="2">Рефлексия<br>Сабақтың мақсаты мен оқу міндеттері орындалды ма?<br>Бүгін оқушылар не үйренді?<br>Сабақ қалай өтті, қандай деңгейде өтті?<br>Жоспарланған саралау жақсы іске асты ма? (тапсырмалар сәйкес болды ма?)<br>Уақытты қалай пайдаландым?<br>Жоспарыма қандай өзгеріс енгіздім және неге?</td><td colspan="2">Өз сабағыңызды талдау үшін осы бос орынды пайдаланыңыз. Сол жақта берілген сұрақтарға жауап беріңіз.</td></tr>
<tr><td colspan="2">Сабақта оқыту мақсаты дұрыс қойылған. Мұғалім сабақ барысында қойылған мақсатына жетті. Оқушылар тақырыпты меңгерді, белсенді қатысты. Саралау жұмыстар дұрыс жүргізілді.<br>Сабақта уақыт тиімді пайдаланылды. Сабақ барысында жоспардан ауытқушылық болған жоқ</td></tr>
<tr><td colspan="3">Жалпы баға<br>Сабақтың жақсы өткен екі аспектісі (оқыту туралы да,, оқу туралы ойланыңыз?)<br>1. Оқушылар топқа бөлініп ынтымақтастықта жұмыс жасай білді.<br>2. Оқушылар өз білімін басқалармен салыстыра отырып, өзін және өзгені бағалауды білді.<br>Сабақты жақсартуға не ықпал ете алады (оқыту туралы да,, оқу туралы ойланыңыз?)<br>1. Өз ойын еркін айтып, оны дәлелдей білді.<br>2. Сабаққа деген оқушылардың қызығушылығы жоғары .<br>Сабақ барысында сынып туралы немесе жекелеген оқушылардың жетістік, қиындықтары туралы нені білдім, келесі сабақтарда қажет болуы мүмкін қандай ақпарат білдім?</td></tr>
</table>